



МҰРАТ АЖ- ҚАЗАЛЫ



№41
(2419)
Сәрсенбі
10 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

"ҚАРЛАҢ" КӨПІРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Қазалы ауданындағы "Қарлаң" көпірінің құрылысымен танысты.

«Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16-шақырымында орналасқан «Қарлаң» учаскесіндегі Сырдария өзені арқылы өтетін темір-бетон көпірінің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жоба өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға, елді мекендер арасындағы қатынасты жақсартуға және жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.



«Нұрлы-Тау ЛТД» серіктестігі салып жатқан көпірдің ұзындығы – 248,29 метр, 6,3 млрд теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Толық аяқталғаннан кейін ауданаралық көлік қатынасы тұрақтанып, логистикалық байланыс едәуір жақсарады.

Облыс әкімі құрылыс сапасын назарда ұстап, белгіленген кестеге сәйкес аяқтаудың маңызын атап өтті. Мердігер мекемеге барлық талапты қатаң сақтай отырып, көпірді уақытылы пайдалануға беру міндеті жүктелді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР ҚАРҚЫНЫ САРАЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Қазалы ауданына жұмыс сапары аясында «Жанкент» аулының тұрғындарымен кездесіп, «Руханият орталығында» аудан активін өткізді.

Кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы негізгі міндеттер талқыланды.

Аймақ басшысы аудан әкімдігіне инвестиция тарту жұмыстарын жандандыруды, су үнемдеу технологияларын

тиімді пайдалануды, құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауды, инфрақұрылымдық жобалардың уақытылы аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Соңғы төрт жылда Қазалы ауданында 280 пәтер тұрғындар игілігіне берілді. Осы ретте салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары мен құрылыс бөлімінің басшысы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысының сапасына ерекше назар аударып, тұрақты бақылауы қажет.

Қазалы ауданын газдандыру деңгейі бүгінде



75 пайызға жеткен. Биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Түктібаев елді мекендерін газдандыруға республикалық бюджеттен 680 млн теңге бөлініп, жұмыс басталды. Сонымен қатар, құжаттары дайын алты ауылды газдандыру жобасын энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен, салалық министрліктермен бірлесіп үйлестіру

тапсырылды.

Аудандағы маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Қарлаң» көпірінің құрылысы. Былтыр оған 6,3 млрд теңге, биыл облыстық бюджеттен 2,2 млрд теңге бөлініп, жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мұрат Нәлқожаұлы жауапты сала басшыларына жұмыс барысын тұрақты бақылауды, белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

Әрі қарай аймақ басшысы «Руханият орталығында» ауданның белсенді жастарымен кездесіп, олардың тың жобаларымен танысты.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АРАЛ ТЕҢІЗІН ЖАҚСARTУҒА БАЙЛАНЫСТЫ МЕНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫМ

Кіші Арал теңізін қайтадан жобалау (Солтүстік арал теңізін сақтау – 2 кезеңі)

Мен балалық шағымды Арал теңізінің жағалауында өткіздім. (1954–1963ж.) Арал ауданындағы «Бөген» орта мектебінде оқыдым. Кейін су шаруашылығы мамандығын меңгеріп, инженерден бастап, мекеме басшысына дейінгі қызметтерді атқардым. Су құрылыстары саласында көп жыл еңбек ете жүріп, Кіші Аралды қалпына келтіру мәселесін үнемі назарда ұстадым. Кіші Арал теңізін бұрынғы деңгейіне жеткізу мәселесіне қатысты жарияланған материалдарды үзбей оқып келемін. Себебі, өмір бойы су шаруашылығы саласында еңбек еткен маман ретінде бұл тақырып маған өте жақын. «Тұран-Қазалы» газетіне бірнеше рет мақала жаздым, ұсыныс-пікірлерімді айттым. Институтта бірге оқыған, Қазақстан Республикасы Су шаруашылығы комитеті төрағасының бұрынғы орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Кеншимов Әмірхан менің ұсыныс-пікірлерімді қолдап, оң бағасын берді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда: «Мен Қызылорда қаласына келіп тұрып, Кіші Арал теңізін қайта қарау мәселесіне тоқтамай кетуге болмайды. Осы жылдың аяғына дейін қайта жобалау жұмысын аяқтауды тапсырамын», – деп атап өтті. Осыған байланысты инженер-гидротехник маманы ретінде өз ұсыныс-пікірімді білдіруді жөн көріп отырмын.

Үлкен Арал теңізі мен Кіші Арал теңізін бөліп тұрған «Көкарал» бөгетін жобалау кезінде бірқатар кемшіліктер жіберілген деп есептеймін.

Атап айтқанда :

1. «Көкарал» бөгетінің құрылысы жергілікті топырақпен салынды. Бөгеттің негізгі мақсаты Кіші Арал теңізінің деңгейін Балтық теңізінің деңгейімен есептегенде 42,0 метрде су ұстап тұруға арналған. Артық келген суды Үлкен Арал теңізіне тоғыз есікті шлюз арқылы (водослив) босату қаралған. Бұл құрылғыда (водосливте) судың деңгейін бірқалыпты ұстап тұруға реттегіш құрал қаралмаған. Қақпақ орнына автокранмен көтеруге арналған шандор орналастырылған. Шандор

есіктің үстінен 42,0 метр деңгейден кейін су тоқтаусыз ағып кетіп отырған. Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінен Қазақстанға келетін судың біраз бөлігі «Көкарал» бөгетіндегі тоғыз есікті водосливтен Үлкен Арал теңізіне қарай ағып, құмға сіңіп жоқ болып жатыр.

2. «Көкарал» бөгетін жобалау кезінде Кіші Арал теңізінің орналасқан аумағын, айдын бетіндегі қашықтық, желдің соғатын бағытын және желдің жоғарғы жылдамдығын, Кіші Арал теңізінен артық ауысқан суды пайдалану жолдарын есепке алу керек еді. Ол үшін ғылыми негізге сүйену орынды. 1972 жылы Киев қаласынан басылып шыққан «Гидротехнические сооружения» кітабын (авторы С.Н. Кудин) негізге алуға болар еді.

3. Жергілікті жердегі топырақтан тұрғызылған бөгеттің құрылысында артық суды жіберетін сооруже-ние (переливной) болмау керек. Себебі, топырақтан соғылатын бөгетті желдің әсерінен, толқынның күшімен шайып кету қаупі өте жоғары. Басшы адамдар, әсіресе мәжіліс депутаттары Кіші Арал теңізіндегі судың деңгейін 42,0-ден 46,0-ға көтеру керек деп ұсыныс айтып отыр. Егер Кіші Аралдың суын 46,0-ға жеткізсек су бетіндегі айдынның қашықтығы есеп бойынша 91,0 километрге жетеді (бұның нақты дәлелдемесі бар). Ол кезде су айдынына солтүстік шығыс бағытымен 30° градусқа жуық жел соғады. Арал теңізі аймағына соғатын желдің жылдамдығы кейбір кездері секундына 30 метр дейін көтеріледі. Қыс айының басында және аяғында мұздардың қозғалысы кезінде бірінің үстіне бірі шығып мұз жотасы пайда болады. Сол үшін топырақтан тұрғызылатын бөгетті жобалау кезінде өте дәлдікпен есептеу қажет. Ғылыми негізде жобалауға байланысты Кіші Арал теңізіндегі судың деңгейін 46,0 метр деңгейге көтеру мүмкіндігі болмаса, ол кезде Кіші Арал теңізіндегі қазіргі 42,0 метр деңгейлікті өзгертпей осы күйінде қалдыру керек. Кіші Арал теңізінен ауысқан суды егіс көлемін қысқартпай егістікке, жайылымдыққа, шабындыққа, мал шаруашылығын дамытуға пайдалану, одан қалғанын төмендегі көлдерді толтыруға бағыттау қажет:

-Сырдария өзені арнасынан ағып келетін судың

есебінен Қызылорда қаласына дейінгі «Тасбөгет» плотинасының жоғарғы жағындағы «Жаңадария», «Қуандария» арнасы арқылы Қызылқұмды суару;

- «Әйтек» плотинасынан бастау алатын «Қараөзек» бойындағы көлдерді суару;

-Қазалы ауданындағы Ә. Тыныбаев атындағы плотинадан бастау алатын «Ақсай» арнасы арқылы Арал теңізінің «Бозкөл» шығанағы аумағынан 50 мың гектардан астам көлдерді суару;

-Қазалы ауданындағы Ә.Тыныбаев атындағы плотинадан бастау алатын Өтебас, Мақпал, Томай, «Дауылдыкөл», «Қотанкөл», Шөмішкөлдерді сумен толтыру;

-Арал ауданындағы «Аманөткел» плотинасының жоғарғы жағындағы «Қаракөл», «Ақшатау», «Мырзашкөл», «Алаша» көлдерін сумен толтыру;

-Арал ауданындағы «Аманөткел» плотинасының жоғарғы жағындағы Райым, «Қулы», «Қаязды», «Лайкөл», «Қамыстыбас» көлдерін сумен толтыру;

-Арал ауданындағы «Ақлақ» плотинасының жоғарғы жағындағы «Қаратерең», «Қарашалаң», «Тұщы» көлдерін, «Жыланды», тағы басқа шағын көлдерді сумен толтыру;

4. «Қамыстыбас» көлінің деңгейін «Арал тағдыры» кітабындағы зерттелген 58,10 метрге жеткізуіміз керек. Ол үшін «Аманөткел» потинасына қосымша су жіберетін водослив және плотинаның жоғарғы жағына «Қамыстыбас» көліне қосымша водовыпуск салу керек;

5. Кіші Аралдың солтүстік беткейіндегі «Сарышығанақ» бөлігіне «Қамыстыбас» көлінен су апаруға толық мүмкіндік бар. Ол үшін «Қамыстыбас» көлінен «Сарышығанаққа» ертеде «Тоқбай» арнасы арқылы Сырдария өзенінен келетін су ағып жатқан. «Тоқбай» арнасының ұзындығы шамамен 48 километр, секундына 30 текше метр су жібере алатындай етіп жер қазу техникасымен қазу керек. Арнаны қазуға көп шығын кетпейді және жер қазу жұмысы онша күрделі емес.

6. Кіші Арал теңізімен «Сарышығанақ» аралығына ұзындығы 2,5-3,0 километр болатын топырақтан бөгет тұрғызу керек. Бұл бөгеттің мақсаты «Сарышығанақ» су қоймасының деңгейін 51,0 метр деңгейге ұстап тұруға мүмкіндік болады.

7. «Тоқбай» арнасы

арқылы «Сапақ» станса-сымен «Көктем» ауылы аралығындағы «Сарышаян» ойпатын суға толтыруға болады. Келешегінде «Сарышаян» ойпатында балық өсіруге мол мүмкіншілік бар.

8. Кіші Арал теңізі мен «Сарышығанақ» аралығына бөгет салу үшін бұрындары «Казгипроводхоз» жобалау институтының Шымкент қаласындағы бөлімшесі жобалау жұмысын жүргізген. «Сарышығанақ» су қоймасындағы судың артық бөлігін Кіші Аралға жіберу қарастырылуы керек. Ол үшін «Сарышығанақ» су қоймасынан бұрынғы Арал теңізі толық болып тұрған кездері «Сарышығанақтың» шығыс жақ беткейінде ұзындығы шамамен 10-15 шақырым болатын арна болған. Бұл арнаның ұлтаны 52,0 метр деңгейлікте болды. Артық суды осы арна арқылы Кіші Аралға жіберуге болады. «Сарышығанақ» су қоймасының бөгеті алдағы уақыттарда Кіші Арал теңізінің шығысындағы елді мекендерді батысындағы елді мекендермен байланыстыратын көпір болады. «Казгипроводхоз» жобалау институтының Шымкенттегі бөлімшесі жобалаған тас жолдың 10 шақырымы бітіп пайдалануға берілген. Қалған 30 шақырымы осы бөгетке қосылу керек еді, алайда 1992 жылы ақша қаражаттың тапшылығынан құрылыс тоқтап қалды.

9. «Көкарал» бөгеті бойындағы тоғыз есікті су ағып тұрған гидросооружениені толық жауып, Үлкен Арал теңізіне жіберуді тоқтату керек. Себебі, оның пайдасынан зияны көп болуда.

10. Кіші Арал теңізіндегі судың деңгейі 42,0 метрден асқанда суды Көкаралдың батысындағы бұрынғы теңіз толық кезінде Үлкен Аралға қосылып тұрған ізімен Тұщыбасқа ағызу керек. Ол үшін 42,0 метрден асқан суды ағызатын арнаны жобаға кіргізу керек. Осы арна арқылы ағызатын судың шамасы көп болмайды деп ойлаймын. Себебі, «Сырдария» өзенімен келетін судың көп мөлшері жоғарыда айтылған көлдерге және «Сарышығанақ» су қоймасында қалып қояды.

Ұсыныстарым алдағы зерттеулер мен Президент тапсырмасын орындау барысында ескеріліп, ел игілігіне қызмет етеді деп сенемін.

Абдрасулла ЖҰБАНБАЕВ,
Еңбек ардагері,
инженер-гидротехник

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА СЕНБІЛІК ӨТТІ



Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең көлемде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі Т. Б е р і қ ұ л а қ о в, Ж . А й м а у ы т о в, Р.Бағланова, В.Счастнов және Жаңқожа батыр көшелерінде бей-берекет өскен шөптер шабылып, аумақтар қоқыстан тазартылды. Сонымен қатар, Жаңқожа баба кесенесі аумағында санитарлық тазалық жұмыстары қарқынды жүргізіліп, шөптер орылып, тал көшеттері отырғызылды. Әйтеке би кентінде өткен сенбілік жұмыстарына «Жасыл ел»

еңбек жасағаның жастары да белсенді қатысты.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан орталығы – Әйтеке би кентінде жүргізілген тазалық жұмыстарын аралап көріп, кент әкіміне бірқатар кемшіліктер бойынша ескертулер жасап, оларды шұғыл түрде қалпына келтіруді тапсырды.

Жалпы сенбілікке аудандағы 140 мекемеден 2536 адам қатысып, 12 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде қоқыс полигондарға 19,7 тонна қоқыс шығарылды.

Экологиялық акция аясындағы сенбілік жұмыстары ауданның барлық ауылдық округтерінде де жалғасын тапты.

**Қазалы ауданы
әкімінің баспасөз
қызметі**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылдың

III – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сағат 15.00-ден 18.00 -ге дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

● Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 12 шілдеде Қазалы ауданы, «Бозкөл» ауылдық округінің әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты өтетін сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері. Таралымы - 11507 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны - 140 теңге.

Үгіт – насихат материалдары 2026 жылдың 21 сәуір маусым күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2026 жылдың 10 шілде аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49

E.mail: tooturankazaly@bk.ru

СІБІР ЖАРАСЫ

Сібір жарасы (күйдіргі) – малдан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру қазіргі уақытта барлық елдерде жануарлар арасында, сондай-ақ адамдарда да кездеседі. Күйдіргі қазақ жерінде ертеден белгілі. Тұрмыс-тіршілігі мал өсірумен тығыз байланысты көшпелі ата-бабаларымыз төрт түлік малдағы түйнемені түрліше атаған: топалаң (қойда), кебенек, шешек (ешкіде), қараталақ (ірі қарада), жамандат (жылқыда), ақшелем (түйеде). Адамдардағы аурудың терілік түрін күйдіргі деп атаса, малға қатысты деген атау берген. Аурудың негізгі көзі әртүрлі ауыл шаруашылық малдар (қой – 45-55%, ірі қара мал – 32-37%, жылқы мен бұғы – 5%, ешкі, есек, түйе – 1%, шошқа – 4% және өте сирек ит, мысық та ауырады); кейбір жабайы аңдар (марал, қоян, киік, қасқыр, шибөрі, аю, жолбарыс, арыстан, пума, борсық). Жануарлар күйдіргі ауру-ын алиментарлы жол арқылы (шөппен, сумен, жеммен бірге топырақты жұтып) жұқтырады. Күйдіргі ауруының қоздырғышы (микробы) сыртқы ортаның әсеріне өте шыдамды, ол спорға айналған соң 120-160 градус ыстыққа 2-3 сағатқа дейін өлмейді. Споралар топырақта бірнеше жылдарға (кейбір деректерде 120 жылға) дейін шыдайды. Малдың немесе адамның денесіне енгенде споралар тез арада өзгереді, ауру қоздыратын түріне қайта айналады. Малдар бұл аурудың қоздырғыштарын көбінесе жаз, күз айларында шөбі қысқа, күйдіргіден қолайсыз деп есептелінетін жайылымдардағы топырақтан, судан немесе ауырған малдың етінен, сүйегінен жасалатын жемнен, тағы басқа жұқтырады. Ал адамдарға күйдіргімен ауырған малдарды сою, терісін сыпырып, етін жіліктеу, тамаққа пайдалану, жүнін өңдеу кезінде жұғуы мүмкін. Адам денесіне қоздырғыштардың қандай жолмен (тері, тыныс алу, ас қорыту) енуіне сәйкес күйдіргінің де ауыр және жеңіл түрлері болады. Ең көп таралған түрі – терінің зақымдануы, оның ішінде, қолдың саусақтары, білек, мойын, бет, аяқ, тағы басқа мүшелер. Терінің зақымдалған жерінде қатты қышытын қызыл дақ пайда болып, күлдіреп 2-3 күннің ішінде бетінде көмірдей қара қабыр-шығы бар жараға айналады. Жараның айналасы қызарып, жалтырап ісіп тұрғанымен, ұстағанда ауырмайды. Дененің қызуы көтеріледі. Уақытында ем қолданылмаса микроб қанға өтіп (сепсис) денеге жайылып аурудың өлімге әкеліп соғуы ықтимал.

Аса қауіпті сібір жарасы ауруының алдын алу шаралары:

мал шаруашылығымен айналысатын түрлі ұжым басшылары мен жеке меншік мал иелері, жергілікті мал дәрігерімен келісіп жылына екі рет малдарын түгелдей күйдіргіге қарсы егу;

малдары кенеттен ауырған немесе өлгенде міндетті түрде мал дәрігеріне хабарлау;

малды соятын немесе сататын жағдайда, алдын-ала мал дәрігеріне көрсетіп анықтама алу;

аудандық малдәрігерлік немесе санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларында картаға түсірілген күйдіргіден қолайсыз деген мекендерде алдын-ала мал жайылымдарының шекараларын анықтап, малды қауіпті аймақтарға жақындатпау;

малшыларды, тағы басқа мал шаруашылығымен шұғылданатын адамдарға күйдіргіге қарсы ем қолдану;

жерасты су көздерін ашатын, құдық қазатын жағдайларда олардың қауіпті жерлерден аулақ болуын ескерту;

мал ұстайтын қора жайларда тазалық сақтау шараларын әрдайым жүзеге асырып отыру қажет;

Аурудың алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге көрініңіздер.

**Гулжазира КАРАШАЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының жетекші маманы**

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Орман - адамның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығының негізгі көзі болып табылады, ол біздің жерімізді безендіреді және бізге таза ауа береді.

2026 жылғы көктемгі егіс науқаны кезінде ауыл округтері әкімдері мен егіс егетін шаруашылықтарға өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын алу мақсатында арнайы «Ескерту» хаттар, 55 дана ұнпарақтар таратылды. Сонымен бірге, орман қоры жерінде өрт болдырмау тақырыптарына сәйкес жаңадан 10 аншлағ орнатылды.

Жергілікті тұрғындар арасында орманды өрттен сақтау жайлы үгіт насихат әңгіме өткізіліп, шалғайдағы «Сарыбұлақ», «Тасарық», «Бөзкөл», «Лақалы» елді мекендерінде тиісті түсініктеме жұмыстары



жүргізілді.

Табиғат – біздің ортақ байлығымыз. Орманның бірден-бір жауы ол – өрт. Сондықтан да, оған бей-жай қарауға болмайды.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:

– сөндірілмеген шылым не

сіріңке;

– аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөптер жанып тұтанады;

– механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жа-

нында шылым шегеді және тағы басқа;

– орман ішінде болған саяхатшылар, демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге алау жағады;

– орман алаңдарына жақын жерлердегі егістің орнын жағады; Орман өртінде барлық тіршілік иелері жойылады. Өртті сөндіруден гөрі оның алдын алу оңайырақ.

Орман-тоғай өрттері орын алған жағдайда 101 телефонына хабарласыңыздар.

Арман БАЙТІЛЕС,
«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Сарыбұлақ» орманшылығының басшысы

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖҰМЫСКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАНДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (әрі қарай – Кодекс) 23-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға енгізуге міндетті.

Кәсіпкерлік субъектілері - жұмыс берушілер тарапынан жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары маңызды болып табылады.

Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметті еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға

жіберуге міндетті. Кодекстің 196-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мемлекеттік еңбек инспекторына Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Осы орайда, заң бұзушылықтарды алдын алу және жою мақсатында («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабы 2-тармағы) қолданыстағы заң талапта-

рына сәйкес ірі және орта, шағын кәсіпорындар (жұмыс берушілер) жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу қажет.

Бұл жөнінде толық ақпарат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 23-2-62 немесе 26-0-14 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Тұрғын үй қорларында өрттің негізгі шығу себептері мынадай: -отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және т.б.); -электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс жасауы, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу); - пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер

мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы; -балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және т.б. сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнауы); -өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:- шұғыл «101» телефонына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; -өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз; - өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ

құбырларын өшіріп, электр ток-тарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарау. 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.